ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
САФИ ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ "ЖЫЛЫОЙ МҰНАЙ
ЖӘНЕ ГАЗ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ"
КМҚК

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ КГКП
"ЖЫЛЫОЙСКИЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ
КОЛЛЕДЖ НЕФТИ И ГАЗА
ИМЕНИ САФИ УТЕБАЕВА"

БҰЙРЫҚ

№" 4 " 19.01.2026 жыл
Құлсары қаласы

ПРИКАЗ

№"_____"_____ год
город Кульсары

**«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»**

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына, "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 506-509 тармағына сәйкес:

Тапсырыс берушіде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамадағы өзгерістерді қарау, нақты практикалық жағдайлар мысалында ағымдағы проблемалық мәселелерді талқылау мақсатында, сондай-ақ 2026 жылға арналған сатып алуды дұрыс және тиімді жоспарлаудың Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге байланысты оқыту қызметтерін сатып алуды қысқа мерзімде жүзеге асыру қажеттілігі туындауына байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ сатып алуды жүзеге асыру.
2. Сатып алуды келесідей негіздеңіз:

Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармағы:

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

28) егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін біртекті тауарларды сатып алу - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшері;

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Колледж директорының м.а М.Ш.Сарбалиева